

## СӨЖ

**ТАҚЫРЫБЫ: “ИНФЕСТАЦИЯЛАРДЫҢ (ҚОТЫР) ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ. ЭТИОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ЭПИДЕМИЯЛЫҚ ПРОЦЕССТІҢ СИПАТТАМАСЫ. АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ”.**



ОРЫНДАҒАН: ЕРЖІГІТ ГҮЛЗАТ  
ТОБЫ: 504 ҚДС  
ҚАБЫЛДАҒАН: ИЛЬЯСОВ Б.Б.

# Жоспар



I Кіріспе

II Негізгі бөлім

1. Инфестациялардың (қотыр) жалпы сипаттамасы.
2. Этиологиясы және эпидемиялық процесстің сипаттамасы
3. Алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру.

III Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер

# Кіріспе



**Инфестация** (от [лат.](#) *infestare* — бассалу(нападать))— жануар немесе адам ағзасының паразиттермен (жәндіктермен, кенелермен және басқа да буынаяқтылармен) зақымдалуы. Инфестация гирудиноздар мен гельминтоздармен бірге инвазиялық аурулар тобына жатады.

Адам инфестациялары өрмекшітәрізділермен (арахноздар), жәндіктермен(энтомоздар), көпаяқтылармен (*myriapodiasis*) шақырылатын ауруларға бөлінеді.

Инфестацияларға мыналар жатады: **педикулез** және **фтриаз** (инфестация биттермен), **акариаздар**, **қышыма**(қотыр кенелерімен инфестация), **саркопсиллез** (тропикалық жергілікті бүргелермен инфестация), **миаздар** (шыбындардың дернәсілдермен инфестация).

# Инфестациялардың (қотыр) жалпы сипаттамасы.

- **Қотыр**, шұбыртпа – тікелей жанасу механизмімен берілетін, қоздырғышы **қышыма кене** болып табылатын, паразиттік, сыртқы жабын инфекциялар тобына жататын, аса контагиозды жұқпалы тері ауруы.




# Этиологиясы

Қоздырғышы –саркоптиформды кенелер тобына жататын Sarcoptes scabiei кенелері.

Шұбыртпа кенесінің

аталығының ұзындығы 0,18 – 0,27 миллиметр ені 0,15 – 0,2 миллиметр,



аналығының ұзындығы 0,4 миллиметр, ені 0,25 – 0,3 миллиметр. Аналығын ұрықтандырғаннан кейін, аталығы өліп қалады.

# Этиология

- Кене аналығы тері қабатына еніп, шұбыртпа жолдарын жасап, оған 50-ге дейін жұмыртқа салады;
- 3 – 7 күннен кейін одан қуыршақтар пайда болады, бірнеше аптада кенелер жетіледі. Кене теріге енгеннен кейін, 7 – 14 күнде ауру белгілері байқалады.



# эпидемиялық процесстің сипаттамасы

**Инфекция көзі:** ауру адам және үй жануарлары: ит, мысық, жылқы, қой.

**Беріліс механизмі:** Жанасу.

**Жұғу жолдары:** Сау адамға ауру адамнан, сондай-ақ, оның киімінен, төсегінен, сүлгісінен, қолғаптан, т.б. жұғады. Моншаларда, душтарда, жатақханаларда, жолаушы поездарында санитарлық тәртіп сақталмаса жұқтыру жағдайы жиі кездеседі.

Қышыма кенесі



# эпидемиялық процесстің сипаттамасы

- Қотыр терінің жұқа жерлеріне: саусақ аралықтарына, аяқ-қолдың буындарына, адамның іші мен санына, кеуденің шет жағына түседі. Қышыма жолдары ұзындығы 0,5-1см, тік сызықнемесе С әріпіне ұқсас бүгілген жіңішке сұрғылт түсті болады.





## Алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру.



- Қышыма қотырға шалдыққан адам ауруханаға жатпай, үйде емделсе, оның төсек-орыны, тұтынатын заттары басқалардікіне араластырылмайды.
- Кірлеген іш киімдері бөлек калтаға салынады. Оларды 1-2% сода ертіндісі немесе кез-келген ұнтақ сабын қосылған, сақылдап қайнап тұрған суда 10 минуттай қайнатып жуу керек.
- Дезинфекциялық заттар болған жағдайда олар дәрігер айтқан ертіндіге ғана салынады.
- Сырт киім тек үтіктеліп қана киіледі.

# Алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру.



- Науқас жатқан бөлме 2 пайыздық сабын-сода ертіндісімен күн сайын сүртіледі.
- Ауру кісіге күтім жасап немесе жатқан жерін жинап болғаннан кейін қол мұқият түрде сабындалып жуылады.
- Моншаға, душқа түскенде легенді, орындық пен сөрелерді ыстық сумен шаю қажет,
- Басқаның ысқысын, сыпыртқысын (веник) пайдаланбаңыз.

# Қорытынды



- Қышыма қотырмен күресте дәрігерге уақытында көріну де, дер кезінде тыңғылықты емделу де, науқастың тұтынған заттарындағы паразиттің көзін жою да маңызды. Қышыма қотырдан аман болудың басты жолы тазалық. Апта сайын суға түсіп, іш киімді жетісіне бір ауыстырып тұру шарт. Әсіресе біреудің іш киімін, қолғабын киюден аулақ болыңыз. Қышыма қотырға шалдыққан адам ауруханаға жатпай, үйде емделсе, оның төсек-орыны, тұтынатын заттары басқалардікіне араластырылмайды.
- Моншаға, душқа түскенде легенді, орындық пен сөрелерді ыстық сумен ыждағаттап шаюды ұмытпаңыз. Басқаның ысқысын, сыпыртқысын (веник) пайдаланбаңыз.